

Мектептегі мерекелер:

тәрбие жұмыстарының сценарийлері



Домбыра –

қазақтың асыл қазынасы

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| С. Абдрахманов. Асық ойыны – ұлтымыздың асыла мұрасы | 3 |
| С. Умбетова. Әже ісмерлігі: өнерді ұрпаққа үйрету | 8 |
| А. Алпысбаева, М. Шаханов «Ұлтым деп соққан ұлы жүрек» | 10 |
| А. Құбашева. Күй анасы – Дина Нұрпейісова..... | 12 |
| Г. Утарбаева. Тау тұлғалы ақын | 16 |
| Т. Отынчиева. Домбыра дастаны..... | 21 |
| Ж. Сулейменова. Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі..... | 25 |
| Г. Нурхатова. Адам еңбегімен құрметті | 27 |
| Р. Кіршібаева. Кітап – сарқылмас рухани қазына..... | 29 |
| Қ. Қалықова. Әдептілік сәлемдесуден басталады | 31 |
| А. Есенгулова. Бағыты мен болашағы айқын жолдау | 35 |
| Ж. Әлжанова. Тәуелсіздік толқынында | 37 |

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
күәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
28.01.2026 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru
Сайт: www.pedagog-ltd

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия
директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – эл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Асық ойыны – ұлтымыздың асыл мұрасы

Тарихы тереңге жайылған салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық ойындарымыздың мән-мағынасы мен берер тағлымы орасан зор екендігі баршамызға аян. Қоғам қаншалықты дами берсін, бүгінгі ақпараттық технология үстемдік құрған ғасырда да ұлттық ойындарымыздың құндылығы мемлекеттің болашағын шешетін құндылық ретінде өзінің тарихтан бері келе жатқан орнын сақтап қала беретіні анық.

Асық – көнеден келе жатқан көшпенділер мұрасы. Ертеден келе жатқан халқымыздың асық ойыны – тәлім-тәрбиенің көзі деп білемін. Қай кезеңде болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрасының – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Асық – төрт түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Қазақта асық қасиетті саналады. Сонау жаугершілік замандарда ата-бабаларымыз соғыс стратегиясын, соққы беретін тұсты асықты шашып жіберіп түсіндіріп, жоспарлаған деседі. Сол замандарда қазақ балаларының ең алғаш ойнайтыны да осы – асық ойыны болды. Асықтың

түр-түрімен балалар мен үлкендер де қызығып ойнаған. Асық ойыны арқылы баланы мергендік пен ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйлыстыққа тәрбиелеген. Бұл ойын көшпелі кезеңімізден бері мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздың қолданысында келе жатқан көне ойын түрі. Сол заманда әр қақтың балалары мен жастарының бас қосуының негізінде асық ойыны ойнатылатын. Баланың ойнайтын асықтарын сәби күннен бастап жинаған.

Асық ойындары тек қана қазақ халқы ғана емес сонымен қатар Орта Азия халықтары, оның ішінде өзбек, қырғыз, тәжік ұлттары да осы ойынды ойнаған. Асық ойындарының мейілінше көп бала болып ойналса, әрбір жас баланың намысын қайрап, жеңіске деген талпынысын арттырады. Ондағы іс-қимылдар: үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширғыу. Бұл іс-әрекеттердің барлығы да баланың денесін шынықтырады, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады.

Кеңес дәуірінде, біздің ұлттық ойынымыз асық ойынын еріккен-

нің ермегі, ешқандай тәрбиелік мәні жоқ деп есептеді. Ал, Бауыржан Момышұлы: «Асық үлкен халықтық тәрбие» - деп, жоғары билік өкілдеріне хат жолдаған. Мына мақалдан да аңғаруға болады «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деген. Ал, мына «Асық ойнаған – ақтық, Доп ойнаған – тоқтық» деген мақалдан асық ойынын жақсы жағынан дәріптегенін байқаймыз. Ата-бабаларымыздан мынадай аталы сөз бар екен: «Асығын ата алмаған,

Сақасынан көреді.

Сөзін сөйлей алмаған,

Атасынан көреді», - деген жолдарынан тәрбие ұғымы сөз етіліп тұр.

Қазақтың ұлттық ойыны асықты сөз етпес бұрын, мына деректерге тоқталып өтсек. Асықтың көшпелі кезеңнен бері, ата-бабаларымыздан келе жатқан құнды мұра екендігінің дәлелін мына мәліметтерден байқаймыз.

2014 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Шыңғыстау археологиялық экспедициясы» өз жұмысын Абай облысы, Тоқтамыс ауылына қарасты Қырықкүңгір қорымында бастады. Жетекшісі – аталған университеттің археология және этнология кафедрасының меңгерушісі Ұлан Үмітқалиев. Қырықкүңгір қорымындағы археологиялық жұмыстар барысындағы сонау ерте замандардан сыр шертетін асықтар табылды.

2014 жылы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған қола дәуіріне жататын тас жәшіктен 140 асық шыққан. Бұл жәдігерлердің барлығы қынамен боялып, тесілген болып шыққан.

2015, 2016 жылғы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде де асықтар табылып, қазіргі саны 200-ден асқан. Табылған асықтар тек егде адамдардың қабірінен, тас жәшіктің ішінен, жерленген кісінің аяғының қасында үйілген күйде табылды.

Ресей зерттеушілерінің зерттеулерінде асықтар көбінесе балалардың қабірінен табылған болатын. Бұл жолғы асықтар ересек адамдардың қабірінен табылып отырғандықтан және бір шетінде тұмар ретінде тағылған тесіктері бар, екі шетінің егелгені, қызыл түске боялғандарын ескере келе асықтың тек бала ойыны үшін емес, сонымен бірге ғұрыптық, дүниетанымдық мәні бар деп жорамалдауға негіз бар.

Оңтүстік Қазақстанда кие қонған Асық атаның мазары бар. Кейбіреулер ол кісіні асықты жақсы ойнаған деп айтады. Бұл дұрыс емес. Ол кісі әулие болса, асықты иіріп отырып, жорамал жасайтын қасиеті болған деуге болады. Кей кездері асық елдік мәселелерді шешетін маңызға ие болған.

Көне қоғамда асық құмар ойын саналған. Дәулетті адамдар осы ойынға құмар болғаны сонша,

бір үйір жылқысы мен жүздеген қойын салып жіберетін болған. Қазақ хандығы дәуірінің тұсында әлгі айтқан құмар ойынға тыйым салған екен.

Зерттеу нәтижелеріне қарай орыс зерттеушісі С. Сотников асықпен жерлеуді балалардың жас ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөліп қарастырған: өзінің еңбектерінде:

- Біріншісі, 5-6 жастағы балалар аз асықтармен жерленген, яғни, ата-анасы қабірге баланың жасына қарай 1-ден 5-ке дейін асықтар қойған.

- Екінші, 7-14 жастағы балалардың қабірінде асықтардың көптеп кездесуі өздерінің ойнап, ұтқан асықтары болуы мүмкін-деген тұжырымға тоқталады.

Міне, осындай құнды деректер арқылы, тарихы тереңнен бастау алған асықтың қазіргі дамудың даңғыл жолына бет алып, жол бастаған жастарға тигізер пайдасы мен тағылымы мол екендігін аңғаруымызға болады.

Асық ойыны балаға не береді, қандай пайдалы тұстары бар? – деген сұрақтардың туындауы да мүмкін. Осы орайда бірқатар асық ойынының тиімді тұстарына тоқтала кетуді жөн санадым:

- Баланың жүйке жүйесін шыңдайды;

- Шыдамдылық пен сабырлыққа, ұстамдылыққа, ширақтық пен дәлділікке баулиды;

- Ұлттық құндылықты бойына сіңіруіне, тәрбие мен тағылым алуына көмектеседі;

- Балалардың топпен бірлесе жұмыс жасауына баулиды;

- Жеңіске жетуге ұмтылыс пен жігер береді;

- Топтан үздік болуға ұмтылдырады;

- Іске епті, жауапкершілікті тұлға болуға тәрбиелейді;

- Күнделікті 1 сағат асық ойынына жұмсаған бала жүйке ауруларынан айығады;

- Асық ойнағанда адамның тек екі қолы емес, ойлау мүшелерінен бастап, иығы, аяғы, барлық бұлшық еттері қимылдайды;

- Асық ойынында йога мен биде қолданылатын позициялар қолданылады;

- Баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа тәрбиелейді.

Көшпелі халқымыздың мақал-мәтелі де, аталы сөзі де асыққа байланысты құралған. Асық туралы өрбитін сөз де, мақал-мәтел де жеткілікті. Мысалы, қазақта «Асығың алшысынан түссін» деген ізгі тілек бар. Ол сәті түсіп, жол болып тұрғандығын білдіреді. Сондай-ақ халықтың «Қой асығы деменіз, қолға жақса сақа тұт, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға тұт» деген сөздерінде аса байыппен, мағыналы қолданылғанын, тәрбиелік мәні зор екендігін аңғарамыз.

Асық – төрт түлік малдың тілер-

сегінде болады. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінде болады.

Асық түрлерінің аталуы:

Түйе асығы – бунасын;

Жылқы асығы – қидасап;

Сиыр асығы – топай;

Қой-ешкінікі – кеней;

Киік асығы – кигат;

Арқардың асығы – қоңқар;

Қасқыр асығы – бунақ.

Асық ирудің де өз атаулары бар. Атап өтсем: алшы, тәйке, бүге, шіге, қыңжы, тоққа, омпы, шомпы болып жерде жатады.

Асық ойындарының да түрлері өте көп: асық ату, асық иіру, асық қағу;

Асық табу, үш табан, алты атар,

шық етер, хан, арқаласпақ, сақа атар, сасыр, құжтәйке, асық иіру, жаппай, шеңбер, омпа, қора, бес қақпай, алшы атар, құмар деп аталады.

Ерте заманнан бері қазақ балалары асық арқылы бірқатар ойын түрлерін ойнаған. Ойын түрлерінің біз білмейтін түрлеріне шолу жасайын:

Хан ойыны – асық арқылы ойналатын ойын. Ол екі түрге бөлінеді. Оның бірі «терме», енді бірі «аламан».

«Үш табан» ойыны: асық атушының атқан асығы үш табаннан асқан-аспағандығын, асық атушы емес серіктері анықтайды.

«Асық ату» ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ойыны саналады. Мал шаруашылығын негізгі кәсіп еткен көшпелі қазақ мал асығымен түрлі ойындарды ойнаған. Соның



бастыларының бірі — асық ату ойыны. Асық атуға екіден жоғары бала болса кірісіп ойнайды. Асықты «екі жақ» одақтастар тең етіп бөліп алады. Кім, қай одақ көп асық атып, ұтып алса, сол жеңеді.

Асық қағу. Қазақ халқының дәстүрлі «асық қағу» ойынының бастысы ойынды ауыл адамдары, үлкен-кіші демей, еркек, әйел, ұл-қыз ойнай береді. Асық қағуға ұсақ мал асықтары пайдаланылады. Асықты жақсылап мүжиді, оны бояп алады. Асықты қағу үшін екі не одан да көп адам қағады.

Сондай-ақ атбақыл, иіркек, кетсін бір, құмар ойнау, мұзда асық ату, мұз үстінде сақа ату, мұз үстінде сақа соғыстыру, оңқы, сақа соғыстыру сынды асық ойынының түрлерінің балаларды көптеген қабілеттерге баулуға себеп боларлықтай ойындар деп білемін.

Қорыта айтқанда, сонау көшпелі қазақ болып жүрген кезімізден бері құндылығын жоймаған осы асық ойындарының маңызы әлі күнге дейін сақталуда. Осы орайда елімізге асық ойынын жаңғырту мақсатында көптеген жұмыстар жүргізуін қолдар едім.

- Асық ойынын дәріптеу, жаңғырту;
- Асық ойындарынан іс-шаралар жүргізу;
- Асық ойынын ұлттық спорт түрі ретінде жастарға насихаттау;
- Тарихы, мағынасы мен халық-

қа берер пайдалы тұстарымен таныстыру.

Қазіргі жастарға асық ойынын көп ойнату арқылы көне мұрамыздың жаңаруына жол бастайтынымыз анық. Асық — біздің ұлттық құндылығымыз. Сақтап, дәріптеп, пайдалану — әр қазақтың борышы деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сағындықов Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: Рауан, 1991. — 176 б. Ғаламтор желісінен: http://almaty.ws/blog/tvorenie_evrazija/2011-11-27-241 <http://collegu.usoz.ru/publ/59-1-0-10315> Автор: Қасқырбаева Эльмира.
2. Соқыртеке: Ауыз әдебиетіндегі балалар ойындарының үлгілері. Құрастырған Ш. Ыбыраев. — Алматы: Өнер, 1990. 176.
3. Аскартегі Асық — мергендікке тәрбиелейді. // Азия тарнзит. — 2004. №6. Б. 53-55.6

**Саят Мукарбекович
АБДРАХМАНОВ,
«Абай атындағы орта мектеп
мектепке
дейінгі шағын орталығымен»
КММ-нің
педагог-ұйымдастырушысы.
Сүмбе ауылы,
Райымбек ауданы,
Алматы облысы.**

Әже ісмерлігі: өнерді ұрпаққа үйрету



Сауле
Субебаевна
УМБЕТОВА,
Жайсан орта мектебі
директордың
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.
Шу ауданы,
Жамбыл облысы.

Бүгінгі таңда қазақ жастарының тәрбиесі ел болашағын кемелдендіруде елеулі рөл атқарады. Біздің қоғам үшін ұлттық құндылықтардың ұрпақ санасында қалып, олардың дәріптелуі маңызды.

Даналық мектебі – ұрпақ пен үлкендердің арасындағы рухани байланысты нығайтып, өмірлік тәжірибені, ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүр мен тәлім-тәрбиені жас буынға жеткізуді мақсат ететін тәрбие алаңы. Мектепте ауыл ақсақалдары, аналар, өнер иелері мен өмір көрген үлкендер өз өнегесін бөлісіп, жастарға бағыт-бағдар береді. Даналық мектебі – өткен мен бүгінді сабақтастыратын, жүрекке жылу сыйлайтын, тәрбиелік мәні зор жоба.

Аталған жоба аясында Жамбыл облысы Шу ауданы Жайсан орта мектебінде «Әже ісмерлігі – өнерді ұрпаққа үйрету» тақырыбын-

да тағылымы мол өнегелі кездесу кеш өтті. **Мақсаты:** ісмерлік дәстүрін жас ұрпаққа үйрету, әже жолын жалғап, ұлттық өнерді ұрпақ санасына сіңіру. Бұл тағылымды кеш жүректерге жылу сыйлап, көпшілікке ұлттық өнердің мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Кешті шеберлікпен жүргізген Әсел Қабылжанқызы мен Эльмира Қайырғалиқызы қатысушыларды қазақы тәрбиенің тереңіне бойлатты. Салтанатты шараға мектеп директоры Ерлан Нұрқасымұлы мен ауылымыздың қадірлі әжелері қатысып, кештің мәні мен мазмұнын арттыра түсті.

Кештің шымылдығы күмбірлеген күймен ашылып, 3-сынып оқушыларының «Әже» деген жүрекке жақын өлең әуенімен жалғасты. Ұлтымыздың ұмыт бола бастаған көнерген өнерлері сахна төрінде қайта жаңғырды.

Бақтыгүл әже мен Базаркүл әже ұршық иірудің қыр-сырын айтып, жүннің қалай түрленіп, іске жарайтынын көрсетті. Әжелеріміз ұршық иірудің көне тәсілін көрсетіп, мыңжылдық өнердің мінсіз шеберлігін сол сәтте жаңғыртқан-



дай болды. Қалдыкүл әже құрақ көрпенің әр оюына жан бітіріп, оның мән-мағынасын әңгімеледі. Құрақтың әр бөлшегінде тұнып тұрған тәрбие мен тектіліктің жатқандығын әсерлі жеткізе білді. Настя әже тоқыманың қымбат қырларын көрсетіп, әр шебер түйіннің мәнін түсіндіріп, нәзік өрімдер туралы айтып өтті. Ал, Жұмакүл әже бесікке салу дәстүрінің сырын шертіп, оның әр рәсімі ананың мейірімі мен халқымыздың тәлім-тәрбиесін бойына сіңіретінін тебірене айтып өтті. Ұлттық тәрбиенің бастауы дәл осы бесіктен басталатынын ұғындырды.

Мектебіміздің кәсіподақ төрайымы Фариданасұханқызы мен Алға ауылдық округінің аналар қоғамының төрайымы Серікбаева

Нұрсұлу әжей жүрекжарды тілегін білдіріп, ұрпақ тәрбиесіндегі аналардың рөліне ерекше тоқталды. Әрбір айтылған ақыл, әрбір көрсетілген өнер — жас буынға қалдырылған баға жетпес аманаттай әсер қалдырды.

Іс-шара соңында Күлжан әжейдің берген ақ батасы кештің мазмұнын тереңдетіп, әрбір қатысушының бойына қуаныш пен берекенің дәнін септі.

Бұл кеш — тек ісмерлік өнерін көрсету емес, ұлттық құндылықтың тамырын тереңдеткен, ұрпақ пен ұлағатты аналар арасын жалғаған рухани байланыс алаңы болды. Осындай тағылымы мол шаралар өскелең ұрпақтың бойына салт-дәстүрге деген құрмет ұялатып, ұлттық болмысты сақтауға сеп болары сөзсіз.

М. Шаханов

«ҰЛТЫМ ДЕП СОҚҚАН ҰЛЫ ЖҮРЕК»

Сабақтың мақсаты: туған жерді, елді сүйуге, сыртқы жаудан қорғауға баулу, ақынның ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру, поэзияны сүйуге, шешен сөйлеуге әуестендіру;

Дамытушылығы: өлең оқу, образға кіріп орындау техникасын дамыту, сөздің мағынасын білуге үйрету, ойлау қабілетін дамыту. Оқушыларға М. Шахановтың өмірінен мағлұмат беру.

Көрнекіліктер: ақынның суреті, нақыл сөздер, слайд.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Олжас Сүлейменов ағамыз айтқандай қазіргі кездегі қоғам алдында, халық алдындағы түпкілікті мәселелерді көтеруге атсалысып, ел үшін, тілі үшін жанын бере күресіп жүрген қайсар да, шыншыл ақын да, саясаткер де болып, өзінің турашылдығымен халық арасында сыйлы қоғам қайраткерлерінің бірі екендігін танытып келе жатқан халық ақыны – Мұхтар Шаханов.

Бүгінгі сабағымыз осындай жанжақты өзіндік қырымен ерекшеленіп жүрген Мұхтар Шахановқа арналмақ. Ендеше ең әуелі ақынның өмірімен танысып өтейік.

М. Шаханов 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар өңірінде дүниеге келген. Жастай жетімдік көрсе де, өзінің өжеттігі, қайсарлығының арқасында білім алып, талмай еңбек етіп, ел құрметіне бөленді. Жасынан

жетім қалса да, мойымай қажырлық танытып үлкен жетістіктерге жетіп, ел ықыласына бөленіп отыр.

Ақынның өлеңдері, махаббат, достық, адамгершілік сияқты қасиеттерді жырлаған өлеңдері көп-ақ.

«Арыстың бойында», «Кешікпей келем деп ең» әні орындалады.

2. Мұхтар Шаханов «Төрт ана» өлеңінде адамның адам болып, мемлекеттің мемлекет болып қалуы үшін, әрқашан төрт анаға сүйену керек дегенді айтады. Олар: туған жер, туған тіл, салт-дәстүр және туған тарих. «Төрт ана» өлеңі оқылды. «Түркістан тауы», «Жайық», «Өзендер», «Жалын».

3. 1219 жылы қыркүйек айында Шыңғыс хан жасағы Отырар қаласын 200 мың әскермен қоршап алды. Тарихи әдебиеттерде бұл қырғын «Отырар опаты» деген атпен берілген

Бірақ қаншама шабуыл жасағанымен, моңғалдар қаланы ала алмады. Шыңғыс хан қаһарланып: «Бүкіл қол қырылса да, Отырарды алу керек!» - деп бұйрық береді. Күн санап Отырар тұрғындарының жағдайы нашарлайды. Азық-түлік, су таусылады. Әскер басшысы опасыздық жасап, қараңғы түнде өздері қорғап тұрған қаланың қақпасын ашып жібереді. Жау әскерлері кәрі-жас, бала-шаға демей қала халқын қырып салады. Қалаға жаппай өрт қояды. Отырардың аянышты зарлы өмірі басталады. Алты ай бойы

берілмеген әлемге әйгілі Отырар қаласының орнында төбе-төбе топырақпен күл үйінділері қалады. Қайырхан шамамен 1165-1220 жылдары өмір сүрген Отырар қаласының билеушісі болған. Осы тарихи шындықты ақын Мұхтар Шаханов негізге ала отырып, сыртқы басқыншы жауға қарсы күрескен Отырар халқының ерлік ісін, оның басшысы Қайырханды мақтап жырлайды. Сол арқылы Отанына, еліне опасыздық жасаған сатқынның қай дәуірде де алар сазайын сездіреді. Мұхтар Шахановтың

4. «Отырар» туралы слайд және Отырар элегиясына көрініс.

5. 1986 жылы Алматы қаласының бас алаңында Дінмұхаммет Қонаевтың орнына Колбинді сайламақ болған саясатқа қарсы қазақ жастары көтеріліс ұйымдастырды.

Олардың бас мақсаты «елді өз қазағымыз басқарса, тәуелсіз ел болсақ» деген арман еді. Бейбіт жолмен шешілсе деген армандары ушығып қанды оқиға ұласты. Кеңес одағына алғаш рет қарсы шыққан Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова сынды боздақтар тәуелсіздік үшін жанын қиды. Қазақтың намысшыл ұл-қыздары қуғынға түсіп, тағдыр тауқыметін бастан өткерді. Осы орайда 1986 жылы желтоқсанды алаңда бас көтерген жастарды қолдаған қайраткер Мұхтар Шаханов Желтоқсан көтерілісінің ақиқатын зерттеп, жазды.

«Желтоқсан алаңы», Тіл туралы өлеңдер оқылады.

6. Сабакты қорыту.

М. Шахановтың әнге арнап жазған өлеңдері.

Мұхтар Шаханов әнге арнап жазған еңбегі де жетерлік. Оның бірнешеуін қазірде эстрада әншілері сахна төрінде мақтанышпен орындап жүр. Соның бірі ғана мысалы: «Өмір-өзен» өлеңі. Бұл ән өткен ғасырдың 70-80 жылдарында жазылғанымен ол халыққа кешігіп жеткен болатын. Ақын «Өмір-өзен» өлеңін жастық шағында жазған екен. Өлең ақынның өмірге деген құлшынысы зор, болашаққа деген сенімі мол кезде үлкен шабытпен дүниеге келсе керек. Кейін өлең жолдары Шәмші Қалдаяқовтың қолына тиіп, ол ақын інісінің өлеңіне арнап ән жазып береді. Әуелі жаңа ән кішігірім басылымдарда жарық көреді. Бірақ, ән орындалмай, шаң басып қалады. Ақын Мұхтар Шаханов Қырғыз еліндегі Қазақстанның елшілігінде қызметте болған кезде мұрағаттарды ақтарып, іздеп жүріп «Өмір-өзен» әнін тауып алады. Араға отыз жыл салып ән халыққа жетеді.

«Ақ бантик» әні орындалады.

**Сөзін жазған: Шәмші Қалдаяқов,
әнін жазған: Мұхтар Шаханов.**

Тау бұлағындай.

Жылдардың еркіне бағындың,

Жылдарға қол создың, жан құрбым.

Белгісін балалық шағыңның,

Айтшы сен қай жерде қалдырдың.

**Айнур Акановна АЛПЫСБАЕВА,
Арнаулы әлеуметтік қызметтерді
қажет ететін балаларды
қолдау орталығының тәрбиешісі.
Алматы қаласы.**

Күй анасы –

Дина Нұрпейісова

Мақсаты: интерактивті ойындар арқылы күйшінің туындыларын таныту, жастарды күй өнеріне баулу, парасаттылық құндылықтарын насихаттау болып табылады.

Көрнекілігі: Дина Нұрпейісованың суреті, слайд.

Кітапханашы: Күй қазақтың бағына біткен дара өнер, қастерлі дүние. Қазақ өнеріне өлшеусіз еңбек сіңірген, бай мұра қалдырған күй өнерінің жарық жұлдызы Дина Нұрпейісоваға арналған «Күй ана-



сы – Дина Нұрпейісова» атты кешімізді бастаймыз.

1-жүргізуші: Дина Нұрпейісова (1861-1955) – қазақтың әйгілі күйші композиторы. Туып өскен жері

Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Бекетай құмы деген жер. Әкесі белгілі домбырашы адам екен, қызы Динаға 8 жасынан бастап-ақ сол өнердің қыр-сырын үйрете бастаған. Оның ұлы күйші Құрманғазымен алғаш кездесуі де осы кез. 8-9 жасар Дина ұстазының күйлерін үйреніп қана қоймай, оның күйшілік-орындаушылық өнердегі ерекшеліктерін, дәстүрін жалғастырады. Динаның тырнақалды «Бұлбұл», «Байжұма», «Көгентүп» атты күйлерінде халықтың күйшілік дәстүрі айқын сезілді. 1916 жылғы оқиғаға шығарған «1916 жыл» күйінде Құрманғазының Исатай мен Махамбетке арнаған «Кішкентай» күйінің әсері байқалады. Дина ата-ана шаңырағында бұлаңдап өскен жас кезінің өзінде ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсаң сияқты күйшілердің күйін нәшіне келтіре тартып, төңірегі «домбырашы қыз» деп атаған.

2-жүргізуші: «Сахнаға шығып бірекі күй тартқаннан соң-ақ өзімді-өзім ұмытамын. Бусанып тер шығады. Арқам кеңіп, шабытым бәйгеге түскен сәйгүліктің алтын тағалы тұяқтарындай жазылып, құлашым кеңейіп

арқаланып кетемін...» Бұл – қасиетті күй өнерінің сәйгүлігі, домбыраның құлағында ойнаған аңыз әйел Дина Нұрпейісованың сөзі.

Слайд. Күйші өмірінен фото суреттер.

1-жүргізуші: Динаның күй сандығына өз құлағымен қанық болған Құрманғазы тұнып тұрған талантқа батасын беріп, қанатының астына алған. Күй атасы жайлы Дина «Дәулескер күйшімен әр жолыққан сайын бір жаңалық тауып, сонылыққа үйрене бердім» деп еске алса керек.

Дина Нұрпейісова атындағы музыка мектебінің өнерлі, талантты жастары Құрманғазының «Ақсақ киік», «Адай» атты әлемге әйгілі үздік туындыларын орындады.

2-жүргізуші: Дина Нұрпейісова Құрманғазының баулуымен домбыра өнерінің тылсымына тереңдей түсе, жарық жұлдызға айналды. Дина жетпіс беске келген шағында Мәскеудегі сахна төріне, ал жетпісті еңсеріп, сексен үшке келгенінде, Ташкент сахна төрінде үкілі домбырасын күмбірлетті. Екі қалада да

қарт күйші жұлделі орынды қанжығасына байлады. Ал жетпіс жетісінде Бүкілодақтық Байқау өткен Мәскеудің сахнасында қайта жарқырап, **екі жүз адамның арасынан суырылып шыққан тоғыз үміткердің** арасында болды.

1-жүргізуші: Оның көзін көрген немересі Балжан Жұрынбайқызы Нұрпейісова ол туралы былайша еске алады: «Ол кісі өле-өлгенше сөзінен жаңылысқан емес. Киелі қара домбыраны бала кезінен серік етіп, құдіретті өнеге тұтқаны соншалық, көз жұмарының алдында бес-он минут бұрын өзінің төсегінің тұсында ілулі тұрған домбырасын алдырып, мәпелей сипап, аялай қағып, Құрманғазының «Қайран шешем» күйін шертті. Әлсіз саусақтары икемге келмей жатса да, күйді көкірегінде жаңғыртып жатып дүниеден озды». Дина Нұрпейісова тоқсан төрт жасында дүниеден өтті.

2-жүргізуші: Кітапхана оқырмандары мен студент жастар арасында интерактивті ойындарды ойнатуды бастаймыз.

1-ойын: «Кім жылдам?»

| № | Сұрақ | Жауап |
|---|----------------------------------|------------------------|
| 1 | Дина Нұрпейісова қай жылы туған? | 1861 ж. |
| 2 | Ол қай өңірде дүниеге келген? | Батыс Қазақстан облысы |
| 3 | Ұстазы кім болған? | Құрманғазы Сағырбайұлы |
| 4 | Қандай аспапта ойнаған? | Домбыра |
| 5 | «Күй анасы» деп кімге айтылады? | Дина Нұрпейісова |

2-ойын: «Күй мен сурет»

Сурет пен күй атауын сәйкестендіріңіз:

| № | Сурет сипаттамасы | Күй атауы |
|---|------------------------------|-----------|
| 1 | Құстың сайрауы бейнеленген | Бұлбұл |
| 2 | Көтеріңкі леп, қайғылы сарын | Жігер |
| 3 | Мерекелік көңіл күй | Тойбастар |
| 4 | Еркіндік пен шабыт бейнесі | Науайы |

3-ойын: «Күйдің тарихын білесің бе?»

| Күй атауы | Мазмұны / идеясы |
|------------|--------------------------------------|
| Бұлбұл | Табиғат пен құстың әуені туралы |
| Жігер | Жан сезімінің жігерленуін суреттейді |
| Тойбастар | Халықтық қуанышты сәтке арналған |
| Әсем қоңыр | Сабыр мен сұлулықты бейнелейді |

4-ойын: «Кім туралы айтып тұрмын?»

Домбырамен тіл қатқан,
 Күйдің сырын ашқан.
 Құрманғазының шәкірті,
 Күй анасы – кім екен?

Жауабы: Дина

«Бұлбұл» күйін шертеді,
 Тыңдаған жан елтеді.

Дала қызы кім еді?

Жауабы: Дина

5-ойын: «Сәйкестендір – ұпай жина!»

| Күй | Қасиеті | Ұпай |
|-----------|-------------------------------|------|
| Бұлбұл | Нәзіктік пен табиғат сұлулығы | 10 |
| Жігер | Алапат күш-қуат | 10 |
| Тойбастар | Қуаныш, көңілділік | 10 |
| Науайы | Шабыт, серпін | 10 |

6. «Күйді тап!» (Аудио ойыны)

Дина Нұрпейісованың күйлерін есту арқылы ажырату.

Динаның күйлерінің қысқа үзінділері (мысалы: «Бұлбұл», «Жігер», «Науайы», «Тойбастар»).

Кітапханашы: Кешімізді Құрманғазының Динаға берген батасымен аяқтаймыз.



Домбырам – мұрам, ал, балам,

Мүлкім осы қалдырған.

Ұсынамын қолымнан,

Иелік ет, балдырған.

Құрманғазы кім десе,

Өмірін отқа шалдырған.

Күйімді тарт күңірентіп,

Тыңдаушысын қандырған.

Домбырам менің ырғайды,

Екі шегі тынбайды.

Пернелері қозғалып,

Бұзылмайды, сынбайды.

Аман болсаң, Динажан,


Сенімен бірге жырлайды.

Серігің болсын домбырам,

Қалған саған күй мұра.

Ұрпағым сенен тыңдайды.

**Айнагүл ҚҰБАШЕВА,
Орал қалалық кітапханалар
жүйесінің библиографы.
Батыс Қазақстан облысы.**



Тау тұлғалы ақын

Мақсаты: оқушыларды ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі, шығармашылығымен таныстыру. Поэзияға деген қызығушылығын арттыру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Өлеңдерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру, қазақ халқына, Отанға сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

Көрнекілік: ақын портреті, слайд, кітап көрмесі

1-жүргізуші: Қайырлы күн, өнер сүйер, өлең сүйер қауым, қадірменді көрермен!

Білемін бір керемет күн туады,

Жан-жағым жаннаттайын құлпырады.

Шықпақ болып шындыққа ұмтылады,

Құлпыдағы жүрегім бұлқынады, - деп жырлаған жыр дүлділі, қазақ өлеңінің аспанында ерекше жарқыраған жұлдыз, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған «Тау тұлғалы ақын» деп аталатын поэзия кешімізге қош келдіңіздер!

Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақын Мұқағали Мақатаев тірі болғанда биылғы жылы ақпанның 9-ында 95 жасқа толар еді.



Енді Ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірінен үзінді тыңдайық.

2-жүргізуші:

Бүгін менің туған күнім, ой, пәлі-ай,

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай!

Мына дүние неге жатыр үндемей, Алаулатып тойдың шоғын үрлемей.

Мынау — шапан, мынау — атың, мін демей.

Мынау жұртқа жақпады ма әлде нем?

Бекер өмір сүргенім бе, әлде мен?

Халқым, сенің қасиетінді білем деп,

Босқа өмірім өтті ме екен, әуремен?

Айтамын деп қуанышың, мұңыңды,

Басқа арнаға бұрдым ба, әлде жырымды.

Мен бәрібір өзінменен бір болам.

Өзегіңе тепсең-дағы ұлыңды.

Тойланбаса тойланбасын не етейін.

Той көрмей-ақ, сый көрмей-ақ өтейін.

Қаламымды берші маған, бәйбіше,

Болашаққа арыз жазып кетейін!

1-жүргізуші: Атына заты сай, алтын кеннен алтын, тұз көлден тұз, көміршіден көмір шығатын, Шоқанасқан деп аталатын, аңызға аты айналған тарихи асуы бар осынау

жаннат жайлауды, қаймағы бұзылмаған қалың албан мекендейді. Осы ортада табиғатына тартып, халықтың өзінен туған, нәр алған тамыры — ел мен жер, туған топырағы — Қарасаз, Хантәңірінің баурайында, туғанынан талантты, тау тұлғалы ақын — Мұқағали Мақатаев туып өскен.

2-жүргізуші: Туған жерін емірене жырлаған бір ақын болса, ол Мұқағалидай-ақ болар. Қарасазына деген махаббаты мен сағынышының алапат өртін жұдырықтай жүрегіне сыйдырып, тіршілігінің әр сәтінде лапылдап жанды. Оның туған жеріне деген шексіз махаббаты, ыстық сезімі қай өлеңге болса да кең өріс тапты.

Келесі кезекте: «Сарыжайлау» әні.

1-жүргізуші: Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам оған жұртым елеңдестін.

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев

Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім.

2-жүргізуші: Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев Алматы облысының қазіргі Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында 1931 жылдың 9 ақпанында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты — Мұқаметқали. Бірақ «пайғамбар атын алып жүру жас балаға ауырлық етеді» деп есептеген ата-анасы оны кішкентай күнінен «Мұқағали» деп еркелете атап кеткен.

1-жүргізуші: Мұқағалидың әкесі колхозда сушы, шалғыншы болып істеген қарапайым адам болыпты. Балалық, бозбалалық шағы соғыс-

тың ауыр жылдарына тап келген ақын мектеп табалдырығында жүргенде-ақ өлең атты патшалықтың қақпасын ашып кірген болатын.

Олай болса Қазақ радиосының алтын қорындағы ақынның өз дауысына бәріміз бірге құлақ түрейік.

2-жүргізуші: Екінші дүниежүзілік Ұлы Отан соғысы басталып, әкесі Сүлеймен бір топ жерлестерімен майданға аттанғанда ол небәрі он жаста еді. Алаңсыз күлкісін соғыс ұрлаған өзге де құрбы-құрдастары тәрізді Мұқағали да тағдырдың ащы дәмін тым ерте тартты. Әкесін сағынып, сарғая күтті. 1941 жылы он жастағы Мұқағали әкесіне арнап «Әкеме» атты өлеңін жазған. Бұл алғашқы өлеңі еді.

«Әкеме» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Әкеңді сағынған екенсің ғой, қарғам. Әкең әлі-ақ келеді, - деп жұбатқан әжесі еріксіз келген көз жасын жасыра берген. Мұқағали Тиын әжесіне табиғи болып, анасын жеңге есебінде санаған.

2-жүргізуші:

Әже, сен бірге жүрсең меніменен,
Өліге мен өзіңді тілемегем.

Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,

Ақ кимешек жоғалса нені көрем!
- деп өзі жырлағандай, Мұқағали ер мінезді, айбынды әжесін ерекше құрметтеген.

1-жүргізуші: Иә, Мұқағали ғажайып, сыршыл гуманист ақын. Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын жұмбақ ақын. Асыл жыр болып ақтарылған ақиық ақын

өлеңдерін үлкен де, кіші де сүйсіне оқиды. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды. Ендеше, кезек Мұқағали өлеңдеріне беріледі.

2-жүргізуші:

От па дерсің жүрегің барлап тұрып,

Жалынымен балқытар шоқ боп тұрып.

Мұқандардың сарқыты бар мұнда деп, – жар салатын «Автограф» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Ақын жаны нәзік әрі тәкаппар, бірақ, шын ақын жаратылысынан қаншама өзімшіл, менмен болғанымен, өзін кіші сезінетін оның алдында қорқатын сескенетін бір ұлы күш бар, ол – халқы. Мұқағалидың ұлылығы сол, ол – халық деген құдіреттен үнемі жүрексінетін.

«Халыққа хат» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші:

Ұқсайтын нөсер, жауын, дауылдарға,

Жырлары бермес берік дамылдарға,

Өз халқын жан досына балап өткен,

Ұлы өлең Мұқаң жазған «Елім барда».

«Елім барда» өлеңі.

1-жүргізуші:

Әділдіктен айырмай еш бақытын,
Тірісінде жырлаған бар жақұтын.

Халқын, тілін, қастерлеген Отанын,

Өлең аты аталар «Үш бақытым».

«Үш бақытым» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: Осынау қарапайым кара өленде қаншама ой жатыр десеңші. «Сені маған егіз қып жаратқан ба?» деп жырлаған ақын өзін өлеңінен бөліп қарамайды. Қазақтың кара өлеңін құдіретті күшке теңейді.

«Қара өлеңі» оқылады.

1-жүргізуші: Тау – тамаша, тау – алып. Нарынқолға жету үшін алып тауларды аралап, жырлаған. Ақын суреттеген дүниені көріп, сөз шеберлігі мен жыр бедеріне риза боласың, жүрегі таза, сезімі асқақ, жыры мөлдір.

2-жүргізуші:

Тау менің несібіме тиіпті ерек.

Мендегі шаттық бөлек, күйік бөлек.

Ақсақалдар «Тау бол!» дейтін маған.

Таудай болғым келеді, биік керек, – деп жырлаған Мұқағали ақын өзін «Мен таулықпын» дейді.

«Мен таулықпын» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Мұқағали қойнауына талай сыр бүккен сайын далаға, оның сылдырап аққан суына, самал желіне, мақпал түніне бала кезден-ақ ғашық болып өссе керек. Алған әсерлерін өлеңіне де өре білген.

2-жүргізуші:

Желек жапқан көктемімен жазын-ай,

Қатар жүрген үйрегімен қазын-ай
Туған жерге арналған бұл өлеңі,
Аталады «Қайран Қарасазым-ай».

«Қайран Қарасазым-ай» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші:

Әуелі әнді тыңда, ән өлмейді,
Әнсіз тамұқ, кең болсын әлем,
мейлі.

Әлемді кезіп жүрген махаббат бар,
Ән соны әрқашанда әлдилейді.

«Сенің көзің» әні орындалады.

2-жүргізуші: «Шын поэзия жасырынып тұрған дүние сұлулығының шымылдығын сыпырып тастайды», деген екен Шелли. М. Мақатаевтың жырларына үңілгенде ұлттық поэзиямызға тән басты ерекшелікті – табиғат пен адам болмысын тұтастырған поэтикалық өрнекті көреміз. Ақын лирикасында табиғат пен адам болмысын егіздей суреттеу арқылы күрделі психологиялық иірімдерді бейнелеу тәсілі басым. Мұқағали поэзиясы таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия. Ендеше, Мұқағали поэзиямен қалай сырласқанын тыңдап көрейік.

«Поэзия» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: Мұқағали өлеңдері лирикаға толы. Жалпы ақынның елу шақты өлеңіне ән жазылған. Оның өлеңдерін оқи отырып, ауылымызға, балалық балдәуреніңізге еріксіз ой жүгіртсеңіз, сағынасыз.

2-жүргізуші:

Келші бермен, ақ халатты періштем,

Уың бар ма, суың бар ма ішпеген.

Жетім құстай жер бауырлап жатырмын,

Жебе мені ақ халатты періштем.

1-жүргізуші: Мұқағали көп ауырды, оның ауруханада жатып жазған өлеңдері өз алдында бір төбе. Бұл ақынның қысқа ғұмырының соңын-

да найзағайдай ойнатқан жан азабы еді. Мұқағали жырларында жанын қинаған дерті мен қоса сол бір қиналыс, ауыр жылдар белгісі қалды.

«Жоқ, дәрігер» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: Табиғат ананың мейірімін, берекесі мен мерекесін сезім суреттері арқылы барынша көзге елестетіп, көңілге қондыруға тырысқан ақын. «Есіңе мені алғайсың» өлеңінде «Өмір туралы ойлан, ең болмаса, оның сыртқы сипаттарын дұрыстап бір қарауға ниет етші» деген ұсыныстарын алдымызға көлденең тартқан сияқты.

«Есіңе мені алғайсың» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Өмір дегенге тірлікте сірә жетер ме ой?

Жарық сәуледен, басқаның бәрі бекер ғой.

Бекер ғой бәрі, бекер ғой бәрі, бөтен ғой,

Өмір дегенің бір күндік сәуле екен ғой! - деп жырлаған Мұқағали Мақатаев.

2-жүргізуші: Көзінің тірісінде Мұқағали өзінің туындыларына сенді. Оған дәлел, Мұқағалидың еңбектері, өлеңдері қазақ халқының ғана емес әлем халқының жүрегінен орын ала бастауы. Өзі туып өскен Хантәңірінің шыңындай тау тұлғаға айналуы.

1-жүргізуші: Мұқағали Мақатаев ешқашан ұмытылмақ емес. Мұқағали бір ғасырда бір келетін қазақ поэзиясының алтын домбырасы дерліктей хас талант иесі. Иә, ақын бір

күндік сәуледей ағып өткен қысқа ғұмырында ұрпақтарға ұланғайыр мұра қалдырған.

Ақынмын деп мен қалай айта аламын,

Халқымның өз айтқанын қайталадым.

Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіңе қайтарамын, - деп ақынның өзі айтқандай, Мұқағали мен халықтың арасында рухани табиғи байланыс мықты. Мұқағали Мақатаевтың әрбір өлеңін қымбат қазынамыздай сақтап оқуымыз керек.

Өлмес өнер — өлеңімен жалпақ елінің жүрегіне жол тауып, бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөленген ұлы перзенттің ұрпаққа ұран болған жырларын елі ешқашан есінен шығармасы шындық. Ол біздің міндетіміз.

Құрметті ұстаздар, оқушылар бүгінгі Мұқағали шығармашылығына арналған кешіміз аяқталды. Қатысып тамашалағандарыңызға көпкөп рахмет. Алдағы уақыттарда Мұқағали жырларын оқып, жатқа біліп жүрейік деп қорытынды сөз кезегін гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Базарғалиева Баян апайға беремін.

**Гулмира УТАРБАЕВА,
Ақтөбе қазақ-түрік лицейі
кітапхана менгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**

Домбыра дастаны

Мақсаты: оқушыларды домбыра аспабының құрылысымен, шығу тарихымен таныстыра отырып, домбыраның ән-күй өнеріндегі алатын орнын түсіндіру.

Оқушылардың ән-күй тыңдау арқылы әуендік сезімталдығын арттыру, есте сақтау, қиялдап, ойлау қабілеттерін дамыту. Өнер иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: домбыра суреті, күйшілердің суреттері.

Барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу. Психологиялық әзірлік.

Әнұран орындалады.

Тәрбиеші: Оқушылар, біздер қандай ән орындадық?

Оқушылар: ҚР Мемлекеттік Әнұранын.

- Жақсы, балалар, Әнұранды білу әрбір азаматтың міндеті, сол себепті біздер әр сабақтың басында әнұранды орындаймыз.

Тәрбие сағаты 3 бөлімнен тұрады:

1. Домбыраның шығу тарихы және сыртқы құрылысымен танысу;

2. Күйші аталар мен күй тарихы;

3. Қонақтардың келуі.

Күй ойнайды қазағымның қанында,

Күй ойнайды қазағымның жанында.

Жүрегімнің, жүрегімнің дүрсілі,

Күмбірлеген домбырасы барында, - деп бүгінгі тәрбие сағатымызда



домбыраның шығу тарихы, құрылысы оның ән-күй өнеріндегі алатын орнына тағы басқа домбыра туралы білімдерімізді ортаға сала отырып, білмегендерімізді үйренеміз.

Жаңа сабақ.

Тақтада қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының суреттері ілулі тұрады.

Оқушылар, біз бүгін сабағымызда қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен, соның ішінде домбыра аспабымен танысатын боламыз.

Қай ұлт болмасын өзінің ұлттық музыкалық аспаптары болады. Музыкалық аспап белгілі бір ұлттың музыкалық өнерін насихаттаушы құрал болып табылады. Қазақ халқының музыкалық аспаптары сан алуан. Біздің ерте заманда өмір сүрген ата-бабаларымыз аспапты ойлап тауып, қолдан жасап, ойнай білген екен. Халық арасында кеңінен тараған ең танымал аспап, домбыра аспабы. Домбырада әр түрлі музыкалық шығармалар орындалады. Ән-күй, терме, жырау, толғау, тіпті классикалық шығармаларды орындауға болады. Бұрын ел арасында небір әнші, жыршы, күйшілер өмір сүрген. Олар ел аралап, домбырамен тойларда ән салып, халықтың көңілін көтерген. Жауынгершілік соғыз кезінде домбырадан төгілген күй адамға рух берген, еңсесін көтерген. Аты аңызға айналған ержүрек батыр Махамбет те домбырада

ән салып, күй тарта білген. Ал ұлы күйшілер Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, т.б. күй өнерінің негізін қалағандар.

Қазіргі кезде домбыраны қолына алып, ән айтып жүрген қандай әншілерді, ақындарды білесіңдер?

Домбыра аспабы, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқымен бірге жаралған деп айтуға болады. Қазіргі заманда бұл аспапта ойнауды арнайы оқу орындарында үйретеді. Ал, біздің қалада күй, терме өнеріне үйрететін үйірмелер бар ма?

Домбыраның құрылымы.

Домбыра неше бөліктен тұрады?

Оқушылар жауабы: үш бөліктен тұрады.

Шанағы (кеудесі), мойны және басы;

Домбыраны карағайдан жасайды. Шерткенде үні таза болу үшін ағашты суға қайнатады. Ішегін ешкінің ішегінен жасайды.

Шанақта дауыс шығаруға арналған ойық, үлкен тиек және ішекті тартып тұратын түйме орналасқан;

Мойын пернелерге бөлінген;

Басында ішекті тартып бұрауға арналған екі құлақ бар. Құлаққа екі ішек тағылады. Құлақ домбыраның күйін келтіруші рөл атқарады.

- Балалар, домбырамен небір қуанышты, қайғылы оқиғаларды жеткізген. Домбыраның шығуы туралы аңызда да бар. Осы аңызды естігендерің бар ма?

Кім айтады?

Оқушылар жауабы:

- Балалар, енді осы домбыра аспабында ойналып, қаралы қайғыны естірткен күй туралы аңызды тыңдаңыздар.

Аңыз күй «Ақсақ құлан»

Ертеде ел билеген Хан өмір сүріпті. Бір күні оның жалғыз баласы әкесінің тілін алмай, құлан аулауға шығады. Құлан аулап жүріп, хан баласы ұзап кеткенін байқамай қалады.

Біршама уақыт өтеді. Жазық далада бір топ құлан жайылып жүр. Хан баласының атқан оғы үйірді бастап жүрген басшы құланды жаралайды. Жараланып ызаланған құлан аңшыға қарсы шауып келіп, баланы теуіп өлтіреді. Хан бір сұмдықтың болғанын сезіп, баласы туралы жаман хабар әкелген адамның көмейіне қорғасын балқытып құйдырамын деп уәде береді. Халық не істерін білмей қиналады. Сол кезде елге танымал күйші келіп, домбыраны алады да, бір күйді ойнай жөнеледі. Күйді тыңдап отырғанда, аңшылық көрініс, ашулы құландардың шабысы, хан баласының өлімі көз алдыңыздан өтіп жатады. Хан болған жағдайды түсінеді. Күйші болған жағдайды күй арқылы жеткізеді. Хан берген уәдесінен таймас үшін өзіне қайғылы хабар жеткізген домбыраға қорғасын ерітіп құйдырады... міне, күй құдіреті деп осыны айт!

Домбыраның шанағындағы ойық осылай пайда болған екен деседі.

- Бейнекөріністен қандай аңызды көрдік?

- Міне бұл ертегіден нені түсіндіңдер?

- Күйші дегеніміз кім?

- Қандай күйлерді білесіңдер?

- Міне, балалар, қазақ халқының ұлттық музыкалық аспабы домбыра туралы айтылар аңыз да, шертілер сыр да көп. Біз бүгін сабақта ол туралы біраз мағлұмат алдық.

Енді осы күйді тыңдап көрейік. Күй «Ақсақ құлан» деп аталады.

- Ал, енді, балалар, жұмбақ шешіп көрейік.

Ұзын мойны,

Екі ішек.

Қатар-қатар тепкішек.

Басып көрсең бір-бірлеп,

Үн шығады күмбірлеп.

Боз арғымақ, аузы жоқ,

Мұрны жоқ, екі құлак.

Белінде белбеуі бар бунақ-бунақ.

«Шу» деп саусақпенен шертіп қалсаң,

Шабады жүйрік әуен тулап-тулап.

Сөзжұмбақ «Домбыра».

Сергіту сәті:

«Кім жылдам?» ойыны ойналады.

Үш оқушы тақтаға шығып қағаздан қиылып әзірленген домбыра суретінің қиылған бөлшектерінен домбыраны құрастырады.

Оқушылар тақпақтарын айтады.

1-оқушы:

Үкілі домбырам,

Өзіңмен сырласам.

Ғасырлар дауысы бар,

Үнінді тындасам.

2-оқушы:

Даламның мұңындай,
Сен толқып жырласаң.
Тағдырлар алуан
Кім өтті, кім қашан?

3-оқушы:

Домбырам – серігім,
Домбырам – жан досым.
Жанымда әрқашан,
Өзіңмен сырласам.
Өзіңмен мұндасам,
Үкілі домбырам!

4-оқушы:

Үкілі домбырам,
Өзіңмен мұндасам.
Елестер жан бабам,
Күйінді тындасам.

5-оқушы:

Жаным бір жай табар,
Сен толқып жырласаң.
Таң атып, күн туып,
Бақ қонар күн қашан?!

6-оқушы:

Мақтан етем өмірге,
Дастарханы төрінде,
Ұлттың ұлы туындай,
Әрбір қазақ үйінде.

7-оқушы:

Жан досымдай сүйемін,
Алдына бас иемін.
Ұлы бабам мұрасы,
Киелі домбыра.

Түзету жұмысы.

- Домбыраны жасау да өнер,
тарта білу де өнер. Мұның бәрі
өнерлі адамның қолынан ғана ке-
лер іс.

- Олай болса, осы өнер жайлы
қандай мақал-мәтел білеміз. Соны
ортаға салайық.

8-оқушы: Өнерлі бала сүйкімді.

9-оқушы:

Олақ өзгеге сенсе,
Өнерлі өзіне сенеді.

10-оқушы: Өнерлі өрге жүзеді.

11-оқушы:

Өнерлінің қолы алтын.
Өлеңшінің сөзі алтын.

Қонақтардың келуі.

Қорытынды.

- Ал, құрметті оқушылар, сабағы-
мызды қорыта келіп, бүгінгі естіп-
көргеніміз туралы айтайық.

- Домбыра қай халықтың аспабы?

- Домбыра неше бөліктен тұрады?

- Домбыраның құдіреті қандай
екен?

Сонымен:

Домбыра жүрегіммен үндес едің,
Өзіңмен сырласымдай тілдесе-
мін.

Бабалардан қалған мұра, сен бол-
масаң,

Өмірдің не екенін білмес едім, -
деп сабағымызды осымен аяқтай-
мыз.

Толқын Тоқтасынқызы

ОТЫНЧИЕВА,

**Талдықорған қаласының
облыстық зерде бұзылыстары
бар балаларға арналған
мектеп-интернатының тәрбиешісі.**

Талдықорған қаласы,

Жетісу облысы.

Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі

Мақсаты: топтық сайыс өткізу арқылы оқушылардың білімін анықтау, өнерлерін тамашалау. Оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру.

Көрнекіліктер: нақыл сөздер, өлеңдер.

Әдісі: сайыс.

I. Кіріспе бөлім: «Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі» атты сайысымызға қош келдіңіздер.

Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жанар ма.
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие, тәлім табар мән.
Бұл бәйге – ойдың бәйгесі,
Кім жүйрік ойға, сол алда.

Ал, келіндер, келіндер,
Біріңе-бірің еріндер.

Білімді тексеріп,

Ойынға қатысып көріндер. Ортаға ойынға қатысушыларды шақырамыз.

- Апталығымыз аналарымыздың мерекесімен қатар келгендіктен біз тақырыбымызды да аналарға арнадық. Сайысымыз бірнеше кезеңнен тұрады. Олар:

1. Таныстыру. Топтың аты. Ұраны;

2. Ребус шешу;

3. Мәнерлеп оқу;

4. «Білімді топ» сайысы;

5. «Теңге ілу» ойыны;

6. Көрініс;

7. «Мақалдың жалғасын тап»;

8. «Ана туралы әндер» байқауы;

9. Сөз құрақ.

- Олай болса, құрметті қонақтар, сайысымыздың әділ бағасын берер әділқазылар алқасын сайлап алайық.

II. Негізгі бөлім:

1. Әр топ өзін таныстырып, ұрандарын айтады;

2. Ребус шешу;

3. Мәнерлеп оқуға кезек береміз;

4. Сұрақ-жауап сайысы бойынша оқушыларымыздың білім сапасын анықтаймыз. «Білімді топ» сайысы.

1-топ

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қай тіл? (Қазақ тілі)

2. Қазақтан ғарышқа тұңғыш ұшқан ғарышкер кім? (Т. Әубәкіров)

3. Көру мүшесі. (Көз)

4. 100 жыл. (Ғасыр)

5. Жылдан күр қалған жануар. (Түйе)

6. 9 мамыр қандай күн? (Жеңіс күні)

7. Үш биді атаңдар. (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)

8. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің авторы кім? (Абай)

9. Ұлы Отан соғысына қатысқан

батыр қыздар. (Әлия, Мәншүк)

10. Абайдың әжесі кім? (Зере)

11. Заттың санын білдіретін сөз табы. (Сан есім)

12. Абайдың әжесі ертегіні қалай бастаушы еді? (Бұлдыр-бұлдыр күн өткен, бұрынғыда кім өткен?)

13. Қабанбайдың азан шақырып қойған есімі кім? (Ерасыл)

14. Күн мен түннің теңелетін күні. (22 наурыз)

15. Буын деген не? (Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады)

16. «Таяқ тастам жер» тіркесі қандай мағына береді?

5. «Теңге ілу» ойыны.

- 1 жұмыртқа 5 минутта піседі. 3 жұмыртқа неше минутта піседі? (5 мин)

- Отбасында 3 ұл бар. Олардың әрқайсының бір-бір қарындасы бар. Отбасында неше бала бар?

- 5 үйрек ұшып барады. Біреуін атып түсірді, нешеуі қалды? (1)

- Төрт бұрышты үстелдің бір бұрышын кескенде неше бұрыш болады? (5)

6. Әр топтың сахналық көріністерін тамашалайық.

I топ. В. Сухомлинский «Ақ шаш»;
II топ.. «Не тәтті?»

7. Мақалдың жалғасын тап.

1. Ананың көңілі балада, (баланың көңілі далада)

2. Әке – асқар тау, ... (ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ)

3. Ана – біздің күніміз, ... (біз – ананың гүліміз)

4. Қарға баласын аппағым дер, ... (кірпі баласын жұмсағым дер).

5. Әкесін сыйламаған кісіні ... (баласы сыйламайды).

6. Адам болатын бала ... (алысқа қарайды).

7. Ердің анасы – ... (елдің анасы).

8. Кітап – білім бұлағы, ... (білім – өмір шырағы).

9. Оқусыз білім жоқ, ... (білімсіз күнің жоқ).

10. Білекті бірді жығар, ... (білімді мыңды жығар)

11. Даусың қандай сырлы еді,
Табиғатты тыңдатқан.

Көркің қандай сырлы еді

Таң шолпанмен астасқан, - демекші, **ән сайысына** кезек береміз.

12. «Сөз құрақ» ойыны.

- Аналарың сендерді қалай еркелетеді?

- «Құлыншақ» сөзінен мағыналы бірнеше сөз құрандар. 1 минут уақыт беріледі.

Қорытынды.

Жанат СУЛЕЙМЕНОВА,

Алматы қаласы Білім

басқармасының

«Ғабиден Мұстафин атындағы

№191 жалпы білім беретін мектеп»

КММ

бастауыш сынып мұғалімі.

Алматы қаласы.

Адам еңбегімен құрметті

Мақсаты:

1. Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығы жайында білімдерін кеңейту, болашақ мамандығын сенімді таңдауына бағыт-бағдар беру, оқушыларға қолдау көрсету;

2. Ой-өрістерін кеңейту, сөйлеу шеберлігін жетілдіру;

3. Еңбексүйгіштікке, еңбек адамын құрметтеуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: слайдтар, суреттер, нақыл сөздер.

Ұйымдастыру кезеңі.

Жүргізуші:

- Сәлеметсізбе, құрметті ұстаздар, балалар, қонақтар!

Бүгінгі сыныптан тыс шарамыз «Адам еңбегімен құрметті» тақырыбында өткелі тұр.

Жастықта еңбек ету қандай қызық,

Қуаныш билемей ме бойды кернеп?

Қызықты тұрмысымды етем десең,

Аянбай мандай термен істе қызмет, - деп шарамызды Нұрпейіс Байғаниннің өлең жолдарымен бастағалы отырмыз.

Мына жарық дүниеге келген әрбір саналы адамның парызы – Елі мен Жерінің игілігіне еңбек ету, өмірден өз орнын табу, адам деген

ардақты атына сай өмір сүру. Адам баласының күнделікті қажеттілігі еңбек арқылы іске асады. «Тіршіліктің тұтқасы – еңбекте», «Бар байлық тек адал еңбекпен ғана табылады», «Адамды адам, еткен еңбек» деп ұққан ата-бабамыз.

Еңбек – адамның рухани және дене күшін жұмылдыру арқылы, өзіне дейін жасалған тәжірибені пайдаланып, тиісті құрал-саймандар мен жұмыс тәсілін қолдану арқылы жүзеге асырылатын іс-қимыл әрекет.

Оқушы: Д.Әлімжановтың өлеңі «Еңбек – өмір мәні».

Жүргізуші:

- Балалар, ендігі кезекті мақалдарға берейік. Мақалдардың соңын тауып, жалғастыру қажет.

Ердің атын еңбек ... (шығарады).

Еңбектің көзін тапқан,

Байлықтың өзін ... (табады)

Сүйіп істеген іс ... (шаршатпайды)

Еріншектің ертеңі ... (бітпес)

Еңбек ерлікке ... (жеткізер)

Ерлік елдікке ... (жеткізер)

Жүргізуші: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деп, ұлы Абай атамыз жырлағандай, әр адамның өмірден өз орнын табуы үлкен міндет.

Мамандық таңдау жасөспірім

жастағы ең маңызды шешімдердің бірі. Біреуің ертең – аспаз, екіншің – тігінші, үшіншің – құрылысшы боласындар. Мамандықтың бәрі жақсы. Әлемде 50 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар екен және жыл сайын оған 500-ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Біреулеріңіз өздеріңіздің қабілетіңізге, қалауыңызға, дүние танымындарыңызға және білімдеріңізге сәйкес мамандықты меңгеріп, мақсат-мүдделеріңізге жетесіздер.

- Балалар, келесі тақырыптарға ойланып, пікірлесейік (слайдқа назар аудару).

1. Мамандық дегеніміз не?

2. Біздің болашағымыз – біздің мамандығымызда.

3. Жақсы маман болу үшін не істеу керек?

- Енді, балалар, кезекті мамандық туралы өлеңдерге берейік.

1-оқушы:

Тұрар қалыпты ырғақтан,
Шырқай салып сол әнін.
Отарбасын зулатқан,
Мен жүргізуші боламын.

2-оқушы:

Мен бе, мен бе, балалар,
Кәмелетке толғасын.
Табиғатты аялар,
Боламын бас орманшың.

3-оқушы:

Сай ғып заман салтына,
Үлгісімен жобаның.
Қоныс сыйлар халқына,

Құрылысшы боламын.

1-жүргізуші: «Тапшы, қандай мамандық» кезеңі.

Жасырылған жұмбақтардың жауабын табайық!

1. Үлкендерді сыйлауға,
Табиғатты қорғауға.
Үйрететін кім екен,
Оқу менен жазуға. (Ұстаз)

2. Ауырған күндерде
Емдейтін барлық аурудан
Қай маман бұл өмірде? (Дәрігер)

3. Нақышына келтіріп
Өлең жазар ағаны кім дейміз?
(Жазушы)

Ойын «Сиқырлы қапшық» (қапшықтың ішіндегі құрал-жабдықтарды ата және қай мамандық иелері пайдаланады).

Менде өзінді әрдайым,
Қамқорым деп ұғамын.
Күліп атқан тандайын,

Жарқынсын сен мұғалім, - дей отырып оқушылардың орындауында «Ұстазым» әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

- Балалар, назарымызды экранға аударайық. Мектебімізде әр түрлі сала мамандары бар. Өздерінің ерен еңбектерімен, сүйіп қалаған мамандықтары бойынша еңбек етіп жатыр. (Аспазшы, шаштараз, ұстаз, дәрігер, есепші, тігінші, т.б.)

Қонақтарға сөз кезегін беру. (Өз тәжірибелерімен бөлісу)

Жүргізуші:

Жеңем десең барлығын,

Ашып білім сандығын.
Маман боп өс жан-жақты,
Бас иетін сан ғылым - деп, кезекті
мектеп түлектеріне берейік.

Мектеп түлектерімен әңгімелесу

- Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек деп ойлайсың?

- Сен қандай маман болуды армандайсың?

- Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

Қорытынды.

- Білім терең теңіз бе,

Білім, еңбек егіз бе?

Рухани азығым -

Осы екеуі деңіз де, - дейді атам білімді

Еңбекпенен сен ізде. - деп, балалар, бүгінгі «Адам еңбегімен құрметті» атты сыныптан тыс шарамыз сіздердің болашақ мамандықтарыңызды дұрыс таңдай білуге көмектеседі деген ойдамыз. Өйткені, мамандық таңдау өте дұрыс шешімді қажет етеді және сізден жауапкершілікті талап етеді.

Гулниса Сабырғазықызы
НУРХАТОВА,

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернаты ҰКТ тәрбиешісі.

Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап – сарқылмас рухани қазына

Мақсаты:

1. Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;

2. Танымдық қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберлігін жетілдіру;

3. Кітап оқуға баулу, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер, ребустар, кітап көрмесі.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру кезені;

II. Кіріспе;

III. Топпен жұмыс;

IV. Қорытынды.

Жүргізуші:

Оқы талмай, түй санаңа, жас ұлан,
Сыр құямын, жыр құямын санаңа.

Білім – қару, білім керек адамға,
Ал білімді мен құямын санаңа,

- деп, өлең жолдарында айтылғандай, бүгінгі тәрбие сағатымызда кітаптың адамға пайдасы жайында әңгімелейтін боламыз.

Кітап – бар білімнің бастауы. Кітап – адамгершіліктің қайнар көзі, адамзаттың байлығы, өмір айнасы. Ғасырлар бұрын ашылған ғылым жаңалықтарын кейінгі ұрпаққа жеткізіп, одан әрі дамытуға септігін тигізіп отырған – кітап.

(Оқушыларды 2 топқа бөлу)

1-тапсырма: «Кітаптың адам өміріндегі алатын орны» ой-толғаныстар;

1-топ: Кітап – өмір айнасы;

2-топ: Кітаптың оқушыға пайдасы.

1-оқушы: Кітап – рухани қазына, өмір айнасы, тарих шежіресі, оқу-тәрбие құралы. Кітап қоғамда күнделікті тұрмыста қолданылады. Ол үлкенге де, кішіге де қажет. Кітап қоршаған ортаны және өзінді тануға көмектеседі.

2-оқушы: Кітап – адамның досы, ақылшысы, сырласы. Кітап – қарым-қатынастың, еңбектің құралы. Кітап – біздің дүниетанымызды кеңейтіп, білімді, өнерлі болуға баулиды. Ол жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді.

Жүргізуші: Кітап дүние жүзі бойынша жоғары рухани байлық ретінде саналады. Осыған байланысты, әлем бойынша кітаптың құндылығын атап өтетін даталар күнтізбеде белгіленген:

23 сәуір – «Дүниежүзілік кітап күні» болса, 2 сәуір – «Халықаралық балалар кітабі күні» болып атап өтіледі.

2-тапсырма: «Тапқыр болсаң, шешіп көр».

Жүргізуші: Ал ендігі кезекті мақалдарға берейік. Мақалдардың соның тауып, жалғастыру қажет.

Кітаппен кеңес ... (білімдімен теңес).

Білім сандығы ... (кітап)

Көп жасаған білмейді ... (көп оқыған біледі)

Білім – таусылмайтын ... (байлық)

Кітап – алтын ... (қазына)

Оқу инемен ... (құдық қазғандай)

Жүргізуші: Екі топ кітап туралы өлеңдер оқып береді.

3-оқушы:

Ақыл – ойдың иесі,

Бар ғылымның жүйесі.

Қуанышы көңілдің,

Баспалдағы өмірдің.

Жан азығы серігім,

Ардақтамас сені кім?

4-оқушы:

Сөйлесіп өзінменен тіл қатады,

Еріксіз сөзің жұртқа тыңдатады.

Жеткізіп өткендердің өсиетін,

Шешіліп кейде достай сырласады.

ды.

3-тапсырма. Викториналық сұрақтар:

1. Кітаптар тұрағы қалай аталады?

2. Оқу, білім алу үшін оқушыға не керек?

3. Халықаралық балалар кітап күні қай күні?

4. Балаларға арналған қандай газет-журналдарды білесің?

5. Кітапты жазған адамды қалай атайды?

6. Абайдың ғылым, білімге насихаттайтын өлеңдерін ата.

4-тапсырма. «Кім көп біледі?» ребус шешу.

Қорытынды.

Жүргізуші: Балалар, кітап адамды биік шындарға өрлеуді, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға және соған сәйкесті дағдыларды

арттыруға үйретеді. Кітап арқылы біз өткенге көз жібереміз, тәжірибеге кеңелеміз. Сондықтан кітапты көп оқуға, сүйеге, құрметтеуге шақырамын. Барлықтарыңызға рахмет!

**Райхан КІРШІБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы №145
мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі.
Алматы қаласы.**

Әдептілік сәлемдесуден басталады

Мақсаты: оқушы бойында әдептілік пен алғырлық, адами қасиеттерді қалыптастыру. Жаман мен жақсыны ажырата білуге, аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

Түрі: брейн-ринг.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, топ пен жұмыс.

Өткізілу барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Кіріспе бөлім. Көрініс.

«Әдептілік сәлемдесуден басталады» тәрбие сағатының қонағы Қадыр ата келеді. Ұлдар қол беріп амандасады.

- Ассалаумағалейкум, ата!
- Уағалейкумассалам, балалар!
- Сәлеметсіз бе, ата!
- Сәлеметсіңдер ме, балапандарым!

- Ата, жоғары шығыңыз. *(Орындыққа жетелеп отырғызады оқушы).*

- Рахмет, рахмет, отырыңдар. Апайларың әдептілік жайында сөйлесіңіз деп шақырып еді, «Ассалаумағалейкум» деп амандасып жатырсындар, ал сендер осы сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?

- Ата, «Ассалаумағалейкум» дегеніміз арабтың сезі «Сізге тыныштық тілеймін», «Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді.

- Ал, менің жауабым «Уағалейкумассалам» деген сөз ше? «Сізге де тыныштық тілеймін», «Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді ғой.

- Дұрыс, айналайындар. Маған

сендердің сәлемдескендерің қатты ұнады.

- Ата, әдептілік сәлемдесуден басталады деген емес пе? Біз үлкендермен сәлемдесуді білеміз.

Оқушыларды екі топқа бөлу. Әр

топ өздеріне ат таңдайды. Сайысқа түседі.

I айналым. «Үлкенге құрмет» деп аталады.

А) Екі топ үлкенге құрмет көрсету жайындағы әдептілік туралы айтып сайысқа түседі.

Үлкен кісіге бірінші болып сәлем беру керек;

Үлкен кісі үйден шығарда оның аяқ киімін дайындап беру керек;

Үлкендердің әңгімесін көңіл қойып тыңдау керек;

Үлкен адам алдында аяқты созып отыруға болмайды;

Үлкен адамның жолын кесіп өтуге болмайды;

Автобуста, көпшілік орындарда үлкен адамға орын беріп, құрметтеу керек.

Ә) Екі топқа ситуациялық жағдайға байланысты тапсырма беріп, тақырыпты өрбіту.

II айналым. «Парасат сыны» деп аталады.



- а) Мақал-мәтелдер сайысы;
 ә) Ырымдар мен тыйымдар.
- Сабак кезінде белді таянуға болмайды;
 - Жақты таянуға болмайды;
 - Бетті басуға болмайды;
 - Қолды тарақтауға болмайды;
 - Басты шайқауға болмайды;
 - Саусақты, қолды орынсыз ауызға салуға болмайды;
 - Адамға қарап қолды шошайтуға болмайды;
 - Ішті тартуға болмайды;
 - Тырнақты тістеуге болмайды;
 - Екі қолды төбеге қойып отыруға болмайды;
 - Біреуге қарап ерін шығаруға болмайды, т.с.с.
 - Өзіңнен кіші іні, сіңлілеріңді ренжітуге болмайды;
 - Кішкентайлар киінгенде, тамақтанғанда жәрдемдесіп жүру керек;
 - Кішкентайларға дөрекі сөз айтуға болмайды, т.с.с.
- Айналайындар, әдепті балалар екенсіңдер. Отбасында, үйде қандай әдептілік сақтайсындар?
- Жер таянып отыруға болмайды;
 - Тізені, табанды тартуға болмайды;
 - Белді босқа буынуға болмайды;
 - Тізені құшақтауға болмайды;
 - Аяқ-қолды жіппен байлауға болмайды;

- Бос бесікті тербетуге болмайды;
- Таяққа сүйенуге болмайды;
- Адамға пышақ, мылтық оқтануға болмайды;
- Құран оқып отырғанда күлуге болмайды;
- Ұйықтап жатқан адамды аттап өтуге болмайды, т.с.с.

III айналым. «Жорға» деп аталады.

«Білімдіге – биік орын» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, дана философ әл-Фараби небір билік, мансап иелерінің алдында бас имей, өзін тәкаппар ұстаған. Біздің де арамызда кез келген қиын сұраққа төтеп бере алатын небір озық, жүйріктер де бар шығар. Соларды сынап көрелік.

Тапсырмалар:

1. Арманға қарағанда Архат әдепті,
Арланға қарағанда Арман әдепті бала.
Бәрінен де кім әдепті? (*Архат*)
2. Аптаның бес күнін атын атамай, қалай реттерімен санап шығуға болады? (*Алдыңғы күні, кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні*)
3. Ана сөзінің ортасында не бар? (*Н әрпі*)
4. Теңізден қандай тастар табылмайды? (*Құрғақ*)
5. Екібастұз қаласына биыл неше жыл толады? (*50 жыл*)
6. Қаламыздың әкімін ата. (*В. Набитовский*)

7. Дүние жүзіндегі ең үлкен шөл.
(Сахара)

8. Ертеден келе жатқан ұлттық сазды аспап. (Қобыз)

9. Әдеп дегенде, әдептіліктің несі түсіп қалады. (Тілік)

10. Қазақстан Республикасы күні қашан?

11. Мемлекеттік рәміздер;

12. Білім ордасы;

13. Мектеп директоры кім?

14. Мектебімізге неше жыл болды?

15. Басты байлық;

16. 1 жылда неше ай бар?

17. Ұя салмайтын құс;

18. Орман дәрігері;

19. Сабақ арасында болады.

Ұпайлары, жұлдызшалары саналып, қорытындысы шығарылады.

Қорытынды: Оқушылар шығармашылығы.

1-оқушы:

Әдеп сақтап әманда,

Әрбір адал адамға.

Жасасаң сен жақсылық,

Қайтарады саған да.

2-оқушы:

Кішілерді аяла,

Білмегенін үйрет сен.

Өйткені сен әдепті,

Санасы бар бүлдіршін.

3-оқушы:

Кісілерден аянба,

Адамдығың көрінсін.

Қол ұшын бер көмектес,

Ол әрқашан саған дос.

4-оқушы:

Ақылы бар баласың,

Айтқан тілді аласың.

Намысты боп өссең де,

Әдепті бала боласың. (Хормен)

«Әдептілік әлемі». Е. Өтетілеуов.

Қарсы ал ерте күн көзін,

Төсегінді жина да.

Асықпай іш тамақты,

Жалама аяқ-табақты.

Саусағыңды сормағың,

Салдыр-салақ болмағың.

Салма аузыңа инені,

Үзбе жұлып түймені.

Ашуланбай, долданып,

Жауап бергін ойланып.

Іштарлыққа жол берме,

Бақталастық білдірме.

Мақсат қылмай алдыңа,

Қыдырып құр, қаңғырма.

Сыйлап үлкен кісіні,

Қамқорлыққа ал кішіні.

Сақта көше тәртібін,

Бағдаршамның ал «тілін».

Әдет қыл бұл ісінді,

Сонда ғана сен бала,

Әдепті, ақылды боласың.

**Қарлығаш ҚАЛЫҚОВА,
Абай Құнанбаев атындағы
№2 жалпы орта білім беретін
мектептің бастауыш сынып
мұғалімі.
Екібастұз қаласы,
Павлодар облысы.**

Бағыты мен болашағы айқын жолдау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында елдің даму бағытын айқындайтын бірқатар маңызды бастамаларды жария етті. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдау — еліміздің жана технологиялық кезеңге қадам басқанын білдіретін айқын бағдар болды. Бұл құжатта цифрлық трансформация, жасанды интел-

лект, деректер қауіпсіздігі, цифрлық экономика, кадрлық әлеует және мемлекеттік басқарудың жаңғыруы сынды маңызды тақырыптар қамтылды.

Жасанды интеллект — бұл адамзаттың ақыл-ойын жаңғырту арқылы болашақтың әлемін құруға мүмкіндік беретін қуатты құрал, ол білім мен мүмкіндіктердің шекарасын кеңейтіп, жаңа дәуірдің есігін ашады. Михаил Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханада



«Бағыты мен болашағы айқын жолдау» атты дөңгелек үстел өтті.

«Жасанды интеллект болашаққа бастайтын жол» атты кітап көрмесі жасақталып, «Жасанды интеллект – руханияттың жаңа тынысы» тақырыбында қысқаша ақпарат беріліп, бейнеролик көрсетілді.

Шараға Ақтөбе жоғары политехникалық колледждің ақпараттық технологиялар жөніндегі директордың орынбасары Хайруллаев Ринат Аскерович, қалалық мәслихат депутаты Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлы, кітап жанашы-

ры, қоғам белсендісі, заңгер Марат Сержанұлы облыстық жастар ресурстық орталығының маманы Сағындықова Аяжан Алпамысқызы және кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты.

Кездесу барысында спикерлер жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне ықпалы жөнінде ой бөлісті. Оқырмандар өздеріне қызықтырған сұрақтарын қойып, пікір алмасуға мүмкіндік алды.

Жасанды интеллект кітапханаларға қызмет көрсету, ақпаратты іздеу және басқару процесін оңтай-



ландырады. Бұл технологиялар кітап қорын цифрлық форматқа көшіретін, электрондық каталогтарды жүйелеуін жеңілдетеді. Кітапханалардың қызмет көрсету сапасын арттыру және оқырмандардың тілектерін жылдам қанағаттандыру мақсатында жасанды интеллект технологияларын пайдаланып, оқырмандардың ғылым мен оқуға қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Бағыты айқын елдің — болашағы нұрлы. Жолдауда белгіленген міндеттер — әрбір қазақстандықтың ортақ ісі, ортақ арманы. Білім мен бірлікке сүйенген ел ғана биік мақсаттарға жетеді.

**Анаргуль Ашимовна
ЕСЕНГУЛОВА,
«Қалалық орталықтандырылған
кітапхана
жүйесі» КММ директорының
орынбасары.
Ақтөбе қаласы.**

Тәуелсіздік толқынында

«Туған жердің таны нұрлы,
Күліп келді жарқырап.
Тәуелсіздік болсын құтты,
Күйге толсын атырап!
Ел тойлайды ақ тілекпен —
Ұлы күнін Тарихтың.
Мәңгілікке рақым сепкен
Тағдырына халықтың.

Жан-жүректе Сенім жыры...
Тау селіндей тасқындап.
Бұлқынады сезім сыры...
Намысымды қамшылап.
Азат ойын алаулатқан,
Арқаландым Ұлтыммен.
Ана тілін жалаулатқан

Марқайдым бір Жұртыммен!..»
- деп жырлаған ақын Гүлсамал
Аймаханова — шежірелі Шалқар-
дың төл перзенті. ҚР «Мәдениет
саласының үздігі», Қазақстан Жа-
зушылар одағы мен Журналистер
одағының, «Қазақстан авторлары
Қоғамының» мүшесі, ақын-жур-
налист Гүлсамал Төрединқызын
жерлестері ерекше құрметтеп,
мақтан тұтады.

Қаламгердің өзі он жыл оқып,
қияға қанат қаққан алтын ұясы —
Ідіріс Үргенішбаев атындағы орта
мектеп те Гүлсамал Төрединқы-
зымен тығыз шығармашылық

байланыс орнатып, хабарын үзбей келеді. Білім ошағының 50, 60 жылдық мерейтойларының қонағы болды. 2018 жылы мектептің 60 жылдығына орай, Гүлсамал Аймаханова «Естен кетпес естеліктер» жинағын құрастырып, тарту етті. Ел қорғаған даңқты Батыр атындағы білім ұясының мерейтойына авторлық «Мерейлі Мектебім!» әнін арнады. Бүгінде мектептің Әнұранына айналған бұл туындыны оқушылар хоры шабытпен орындап келеді.

Өткен жылдың қазан айында Республика күніне орай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары негізінде Гүлсамал Төрединқызымен «Өмірім өрнектелсін өлеңіммен» деген тақырыпта кездесу өткен болатын. Осы Кеште мектеп оқушылары қаламгер шығармаларын мәнерлеп жатқа оқып, авторлық әндерін шырқады. Алтын ұядан түлеп ұшқанына 45 жыл толуы құрметіне ақын-журналист мектеп ауласында талшыбық егіп, жеке кітапханасынан түрлі кітаптар мен газет-журналдарын тарту етті.

Осынау жарқын жүздесуде мектеп басшысы Әжмұратов Айбек Тағыбергенұлы мектеп мақтанышына айналған өнегелі түлегі-

міздің құрметіне – «Гүл-Самал» әдеби клубын құруды ұсынып, қаламгерді «тосынсыймен» таңқалдырған еді. Кездесуден кейін, қараша айында, оқушылардың шығармашылығын шыңдау мақсатында құрылған клубымызға 25 оқушы салтанатты түрде қабылданып, арнайы куәліктер табысталды.

Осы алғашқы бір жылдың ішінде мектебімізде аталмыш Клуб мүшелерінің қатысуымен бірқатар тәрбиелік мәні бар мазмұнмағыналы іс-шаралар өткізілді. Айталық, биылғы қарашада туған өлке қаламгерінің туындыларына оқушылардың ынтасын арттыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау, ақынның өлең-жырлары арқылы отансүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында Гүлсамал Аймаханованың шығармашылығына арналған «Ақынның өшпес мұрасы» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды. Кеш барысында оқушылар қаламгердің жүрек тербетер туындыларын нақышына келтіре жатқа айтып, поэзия әлеміне терең бойлады. Лирик ақынның Отанға, Туған жерге, ата-анаға, ауылға деген сүйіспеншілікпен өрілген өлеңдерінен оқушылар

мен көрермендер терең ой түйіп, әдемі әсер алды. Жас толқын көркем сөздің құдіретін жанымен сезініп, рухани дүниесін байытқаны анық. Әсіресе, ақын Гүлсамал Төрединқызының «Айналдым, Ақтөбем!» атты өлеңіне жазылған сазгер Құрманбай Қосжановтың танымал әні бұл шарамызға ерекше көрік берді. Кеш соңында оқушылар ақын шығармашылығына қатысты ой-пікірлерін қуана бөлісіп, әдебиетке деген құштарлығын білдірді.

Әдеби-сазды кеште оқылған жас қаламның кейбір туындылары кейін республикалық басылымда жарияланып, клуб жұмысына тың серпін берді. Қаламгер Гүлсамал Аймаханова: «Ауылдан жырақта жүрсем де, осы уақытқа дейін талапты балаларды журналистика мен поэзияға баулитын клубтың түрлі іс-шараларынан хабардар болып, қуанып отырдым... Ал биылғы Республика күні клуб мүшелерінің «тырнақалды» шығармаларын алып, ерекше толқыдым. Әрі бүгінгі шәкірттің балауса қаламынан туындаған жауқазын ойды көп түземей, көпшілік назарына ұсынғанды жөн көрдім. Өйткені, «бұлақ көрсең, көзін аш» деген емес пе? Жас толқын-

ның ертең-ақ Ұлттық руханиятымыздың бір кетігін тауып, кірпіші болып қаланатынына сенемін», - деп, жас талапқа ақжол тіледі!

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні! Халқымыздың азаттығы жолында күрескен Ерлерді Еске алып, рухына бас иетін қастерлі күн. Осы киелі Тәуелсіздіктің арқасында біз өзіміздің тарихымызды тереңінен танып, ұлттық руханиятымызды жаңғыртуға мүмкіндік алдық. Сондықтан Еліміздің ең ұлық мерекесі қарсаңында – 11 желтоқсанда «Гүл-Самал» клубы мектеп оқушылары арасында «Тәуелсіздік толқынында» атты ең алғашқы Жыр мүшәйрасын өткізді. Жас ұрпаққа тарих тағылымын ұғындыра отырып, жас ақындардың талабын қолдау, шығармашылыққа баулу және ынталандыру мақсатында ұйымдастырылған Мүшәйраға барлығы 16 оқушы қатысты. 5-10 сынып оқушылары бақ сынасқан Жыр сайысы екі кезеңде өтті. Алдымен үміткерлер Тәуелсіздік күніне арнайы шығарған төл шығармаларын ұсынды. Бұдан кейін ақын-журналист түлегіміздің бір өлеңін мәнерлеп, жатқа оқыды.

Қаламгер Гүлсамал Аймаханованың өзі ауылға келе алмаса да,

Ақтөбеден ғаламтор арқылы байланысқа шығып, мерейлі мектебін Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Мүшәйраны ұйымдастырған ұлағатты ұстаздарға алғысын айтып, үміткерлерге сәттілік тіледі.

«Тәуелсіздік толқынында» атты Мүшәйрамыз тақырыпқа сай, мазмұн-мағыналы өтті. Жыр сайысының мәресінде Қазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі орындардың иегерлері анықталды. 1-орын – Көркем Хамзина (7 «ә» сынып оқушысы), 2 орын – Инжу Кеңесова (8 «а» сынып), 3-орынға Ақтолқын Жанәділова (10 «ә» сынып) лайық деп танылып, арнайы жүлделерге ие болды. Сонымен қатар Нұрым Зюадинов – «Терең ойлы туынды», Ақсезім Байұзақ – «Жас ақын үні», Кәусар Серікова – «Үздік жас ақын», Аяулым Ысқақова – «Көрермен көзайымы» номинациясының иегері атанып, ынталандыру сыйлықтары берілді.

Жалпы, Мүшәйраға Гүлсамал Төрединқызының өзі демеушілік көрсетіп, жүлдегерлерге бағалы сыйлықтары табысталды. Сонымен қатар қаламгермен көп уақыттан бері шығармашылық байланыстағы Н. Байғанин атындағы

облыстық Балалар кітапханасы, Ә. Молдағұлованың облыстық мемориалды музейі, облыстық Планетарий атынан барлық үміткерлерге естелік сыйлықтар ұсынылды. Жыр сайысына қатысқан оқушылар даңқты Батыр атындағы мектептің «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Осылайша, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» демекші, оқушылардың арасында Ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау мақсатында құрылған «Гүл-Самал» клубының «Тәуелсіздік толқынында» атты ең алғашқы Мүшәйрасы мәнді де сәтті өтті. Ең бастысы – жасөспірімдердің «тырнақалды» шығармаларын көпке танытуына мүмкіндік берілді. Алдағы уақытта клубымыз жұмысын жандандырып, жас талапкерлерді әдебиет пен журналистикаға баулу, шәкірттердің шығармашылығын дамыту бағытындағы игі бастамамыз жақсы жалғасын табатыны сөзсіз.

Жансая Дәрібайқызы
ӘЛЖАНОВА,
«Гүл-Самал» клубының
жетекшісі.
Шалқар қаласы,
Ақтөбе облысы.